

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Қарағанды облысы білім басқармасының Шет ауданы білім бөлімінің «Шопа бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - мемлекеттік мекеме) осы жарғыда көрсетілген тиісті функцияларды жүзеге асыру үшін мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Мемлекеттік мекеме облыстың жергілікті атқарушы органының шешімімен құрылады.

4. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы: Қарағанды облысының әкімдігі болып табылады.

5. Мемлекеттік мекеменің басқару органы: «Қарағанды облысы білім басқармасының «Шет ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

6. Мемлекеттік мекеменің мемлекеттік (қазақ) тілдегі атауы: Қарағанды облысы білім басқармасының Шет ауданы білім бөлімінің «Шопа бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
орыс тілінде:

Коммунальное государственное учреждение «Шопинская начальная школа» отдела образования Шетского района управления образования Карагандинской области.

7. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: 101709, Қарағанды облысы, Шет ауданы, Нұраталды ауылдық округі, Шопа ауылы, Достық көшесі, 2 ғимарат.

2 тарау. Мемлекеттік мекеменің заңды мәртебесі

8. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес балансы, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы бар бланкілері, мөрлері болады.

9. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Мемлекеттік мекеме өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

11. Мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелері олар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін күшіне енеді. Мемлекеттік мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін осы тарауда және өзге де құқықтық